

## Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы Комсомол ауылының көше атауларын өзгерту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы Комсомол ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 30 мамырдағы № 4 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 12 маусымда № 4761 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабы 4) тармақшасына сәйкес, облыстық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 26 сәуірдегі тұжырымы негізінде және халық пікірін ескере отырып, Комсомол ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы Комсомол ауылының келесі көше атаулары өзгертілсін:

- 1) Ленин көшесі – Абай көшесіне;
- 2) 60 лет Октября көшесі – Астана көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оны алғашқы рет ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округтің әкімі*

*Т. Байдалин*